

ЖАЛАҚЫ ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ

- 1.1. Жалақы жобасы шеңберінде қызмет көрсету талаптары (бұдан әрі –Талаптар) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
- 1.2. Талаптар Жалақы жобасы шеңберінде Банкпен Төлем карталарын шығару және Төлем карталарының Шоттарына ақшаны аудару бойынша қызметтер көрсету ерекшеліктерін және ұсыну тәртібін анықтайды.
- 1.3. Жалақы жобасы шеңберінде қызметтер көрсету үшін Клиент Банкке Банктің нысаны бойынша өтінішті береді. Қосымша құжаттар ұсыну қажеттілігі Банкпен анықталады және Клиенттің назарына жеткізіледі.
- 1.4. Талаптардың мәтіні бойынша Шартпен анықталған ұғымдар, сонымен қатар басқа ұғымдар қолданылады:

Жалақы жобасы – Банктің қызметі және осы қызмет шеңберінде Төлем карталарын шығаратын, сонымен қатар Карта иеленушілердің пайдасына Клиентке ақшаны (шәкіртақыны, төлемдерді, жалақыны (ic-сапар шығындарын, демалысақыны) және оларға теңестірілген басқа төлемдерді) аудару бойынша қызметтерді көрсетеді.

Төлем картасы – Шоттағы ақшаға қол жетудің құралы болып табылатын Банкпен Карта иеленушісіне шығарылатын төлем картасы.

Шот – Карта иеленушісі болып табылатын жеке тұлғасының Банкте ашылған ағымды.

Карта иеленуші – Жалақы жобасы шеңберінде Банкпен Төлем картасы шығарылған жеке тұлғасы.

Осы Талаптарда Шарттың басқа бөліктерінде ұғымдар ретінде ұғымдар қолданылатын болса, осы Талаптарда осы Талаптармен анықталатын ұғымдар қолданылады.

2. Төлем карталарын шығару талаптары және тәртібі

- 2.1. Төлем карталары келесі тәртіпте шығарылады:
 - 2.1.1. Банкпен Клиентке ұсынылған жеке тұлғалардың тізімі негізінде (тізімнің нысаны Банкпен Клиентке қосыла ұсынылады). Жеке тұлғалардың тізімі Клиентпен электрондық түрінде рәсімделеді және Банкпен ұсынылады. Клиент жеке тұлғалардың реквизиттеріне (деректеріне) сәйкес келмейтін тізімідегі реквизиттерін (деректерін) ұсынуға байланысты Банкке келтірілген залал үшін жауап береді. Банкке тізімді табыстаумен бірге Клиент жеке тұлғаларының қолтаңбалары қойылған карталарды шығаруға өтініштерін Банкке береді, сонымен қатар Банкте ашылған банк шоттары жеке тұлғаларында жоқ болу кезінде, келесі жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері: ҚР резиденттері қатысты – жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) міндетті түрде көрсету, резиденттер үшін емес – ЖСН беру туралы құжат және ҚР аумағына кіру, шығу және болу құқығына ҚР уәкілетті органдарында тіркелуді куәландыратын құжат;
 - 2.1.2. Клиентпен Банкке ұсынылған жеке тұлғалармен толтырылған және қолтаңбасы қойылған (жеке тұлғалардың тізімісіз) карталарды шығаруға өтініштері негізінде. Жеке тұлғаларда Банкте ашылған жеке шоттар жоқ болған жағдайда, Клиент Банкке жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды көшірмелерін ұсынады (ҚР резиденттері қатысты – жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) міндетті түрде көрсету, резиденттер үшін емес – ЖСН беру туралы құжат және ҚР аумағына кіру, шығу және болу құқығына ҚР уәкілетті органдарында тіркелуді куәландыратын құжат);
 - 2.1.3. Жеке тұлғасының және Клиенттің шарттық қатынастарын растайтын құжаттарын ұсынумен Банкке жеке тұлғалар тікелей жүгіну кезінде (Клиент жеке тұлғаларға осындай құжаттарды қамтамасыз етуге міндеттенеді). Осы жағдайда карталардың шығаруға өтініштер және Шоттарды ашу үшін қажетті құжаттар (жеке тұлғаларда Банкте ашылған банк шоттары жоқ болу жағдайда) Банкке жеке тұлғалармен дербес ұсынылады.
- 2.2. Дайын Төлем карталар Карта иеленушілер Банкке жүгінетін кезінде оларға беріледі немесе Төлем карталарын алуға Клиентке өкілеттіктерді Карта иеленушілерімен беру жағдайда Клиенттің уәкілетті тұлғасына беріледі. Уәкілетті тұлғасының өкілеттіктері Клиенттің сенімхатымен расталу қажет, осындай сенімхаттың нысаны Банкпен Клиентке қосымша беріледі.
- 2.3. Шоттардың жүргізу валютасы карталарды шығаруға өтініштерінде жеке тұлғалармен дербес анықталады. Шоттарға келіп түсетін ақшаның валютасы ерекшеленетін болса, Банк осындай валютаны Банк және Карта иеленушілері арасындағы шарттық қатынастарымен бекітілген тәртібінде айырбастайды.
- 2.4. Клиент Карта иеленушілер үшін арналатын ақшаны өзінің Шотынан Жалақы жобасы шеңберінде қызметтерді көрсету үшін өтінішінде көрсетілген Банктің тиісті шотына аударады.

- 2.5. Банк Клиентпен Шоттарға аударылатын ақшаны есептейді және төлем карталардың тиісті жүйесінің ережелеріне, ҚР заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Төлем карталарына қызмет көрсетеді.

3. Тараптардың құқықтары және міндеттемелері

3.1. Банк міндеттенеді:

3.1.1. Банк және Карта иеленушілері арасындағы шарттық қатынастарымен бекітілген тәртібінде және мерзімдерінде Шоттарды ашуға және Төлем карталарын жасауға және беруге;

3.1.2. Карта иеленушісімен Банкке тиісті құқығы ұсынылған болса, Клиентпен ақшаны есептеу үшін Клиентке Шоттар нөмірлерін хабарлауға;

3.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мерзімдерінде Клиенттен келіп түскен ақшаны Шоттарға есептеуге.

3.2. Клиент міндеттенеді:

3.2.1. Төлем карталарын шығару және Шоттарды ашу және Төлем карталарын шығару, сонымен қатар Шарт шеңберінде басқа мәселелер бойынша Банкпен өзара әрекеттесу үшін жеке тұлғаларының қажетті құжаттарын қалыптастыруға және Банкке табыстауға уәкілетті тұлғаларын анықтауға;

3.2.2. ақшаны аудару кезінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын сақтауға. Егер ақшаны Шоттарға аудару бойынша операциясы валюталық операциясы болып табылатын болса, - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банкке барлық қажетті құжаттарды ұсынуға;

3.2.3. Клиент және Карта иеленуші арасындағы шарттық қатынастар тоқтатылатын жағдайда, шарттық қатынастарын болжамды тоқтатуға дейін 5 жұмыс күні ішінде Банкке жазбаша түрде хабарлауға. Хабарлама Карта иеленушілерінің аты-жөнін, шарттық қатынастарын тоқтату күнін көрсетумен Клиентпен ұсынылады және Клиенттің уәкілетті тұлғасының қолтаңбасымен куәландырылады. Шарттың осы тармағына сәйкес осы хабарламада көрсетілген жеке тұлғалардың Төлем карталары жеке тұлғаларға қызмет көрсету үшін төлем карталары бойынша Банктің тарифтеріне сәйкес Карта иеленушілеріне/Клиентке хабарлаусыз Банкпен бір тараптық тәртібінде аударылады (Банктің тарифтері www.alfabank.kz сайтында көрсетіледі);

3.2.4. Жалақы жобасы шеңберінде қызметтерді көрсету үшін өтінішінде көрсетілген тәртібінде және мерзімдерінде Банкке комиссиялық сыйақыны төлеуге (егер Банктің комиссиялық сыйақысы Клиентпен төленетін болса);

3.2.5. Төлем карталарын алу үшін жеке тұлғалардың Банкке келуді қамтамасыз етуге;

3.2.6. Клиенттің уәкілетті тұлғасымен Төлем карталарын алу жағдайда, олардың сақтаулығын қамтамасыз етуге және олардың Карта иеленушілеріне табыстау сәтіне дейін толық материалдық жауапкершілікті көтеруге. Банктен Төлем карталарды қабылдау күнінен үш ай ішінде берілмеген Төлем карталары Банкке қайтарылады;

3.2.7. Шарттың 2.1-тармағына сәйкес Төлем карталарын шығару және Шоттарды ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынумен осындай тұлғалармен шарттарды (келісімдерді/келісімшарттарды) жасасу күнінен бастап 10 жұмыс күнінен кеш емес мерзімінде осы Шарт шеңберінде Клиентпен ақша аударылатын жеке тұлғалары туралы Банкке хабарлауға. Осындай жеке тұлғаларда Банкпен айналысқа шығарылған төлем карталарының болуы жағдайда, - осындай төлем карталарының нөмірлерін, жеке тұлғалардың аты-жөнін және ЖСН ұсынумен;

3.2.8. Клиентте Банктен ашылған ағымды шот жоқ болған жағдайда, Клиенттің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбаларының үлгілері бар құжатты Банкке ұсынуға;

3.2.9. Клиент Төлем картасын (оны Карта иеленушісіне беруге дейін) жоғалтқан болса, оны бұғатау қажеттілігі турады шұғыл Банкке хабарлауға;

3.2.10. Клиенттің жауапты тұлғаларының заңды мекенжайы, атауы, банк реквизиттері, байланыс телефон нөмірлері өзгертілетін жағдайда жаңа реквизиттерді ұсынумен өзгертілген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке хабарлауға.

3.3. Банк құқылы:

3.3.1. егер Жалақы жобасы шеңберінде қызметтердің көрсету үшін өтініштің талаптарына сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысы Клиентпен төленетін болса (соның ішінде Банктің комиссиялық сыйақы мөлшерлемесі жоқ болса/көрсетілмеген болса), сонымен қатар егер төлем тапсырмасының форматына байланысты емес Карта иеленушілерінің тізімінің жалпы сомасы төлем тапсырмасының жалпы сомасына сәйкес келмейтін болса және Клиент Банкке комиссиялық сыйақыны төлемеген болса, Шоттарға ақшаны есептеу туралы Клиенттің төлем тапсырмасын орындаудан бас тартуға. Осымен бірге, Банк Клиенттің нұсқауын орындаудан бас тартқаны үшін және Шоттарға ақша есептеудің іркілісі үшін жауап бермейді;

3.3.2. Шарт бойынша Банк алдындағы Клиенттің берешегін Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған құжаттары негізінде Банкте ашылған Клиенттің банк шоттарын тікелей дебиттеу жолымен шығарып тастауға. Банк шотында ақша жеткілікті болса, Банктің төлем құжаты онда көрсетілген ақшалай сомасына орындалады, ал Банк шотында ақша жеткіліксіз болса, төлем құжат банк шотының картотекасында сақталады. Клиенттің банк шоттарынан ақшалай сомаларды Клиент міндеттемесінің валютасынан ерекшеленетін басқа валютада алу (шығарып тастау) жағдайда, міндеттеменің валютасына алынған ақшаның айырбастауы валюталық заңнамасының талаптарына сәйкес

Клиенттің есебінен тарифтерге сәйкес айырбастау үшін комиссияларын ұстап қалумен (соның ішінде айырбасталатын сомасынан айырбастау үшін комиссиясын ұстап қалу кезінде) Банктің қалауынша Клиенттің алынған валютасын немесе міндеттемесінің валютасын Банкпен бекітілген сату немесе сатып алу бағамы бойынша немесе Клиент міндеттемесінің валютасына алынған валютасының Банкпен бекітілетін бағамы бойынша жүзеге асырылады. Осымен Клиент Шартпен қарастырылған жағдайларда Банкте ашылған Клиенттің кез келген бан шоттарынан тікелей дебиттеу жолымен ақшаны шығарып тастауға өзінің сөзсіз және қайтарымыз келісімін Банкке береді.

4. Банк қызметтерінің құны

4.1 Осы Талаптар бойынша қызметтерді көрсету үшін комиссиялық сыйақының мөлшерлемесі Жалақы жобасы шеңберінде қызметтерді көрсету үшін өтінішінде көрсетіледі.

4.2. Клиент және Карта иеленуші арасындағы шарттық қатынастарын тоқтату жағдайда, Төлем картасына қызмет көрсету үшін Банктің комиссиялық сыйақысы жеке тұлғалар үшін төлем карталары бойынша Банктің тарифтеріне сәйкес анықталады (Тарифтер www.alfabank.kz Банктің сайтында көрсетіледі).

5. Төлем құжаттарын рәсімдеу

5.1 Карта иеленушілерінің пайдасына ақшау аударылуы келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

5.1.1. қағаз тасымалдаушыдағы және электрондық түріндегі Карта иеленушілерінің тізімін қоса берумен жиынтық төлем тапсырмасы негізінде (бұдан әрі – Тізімі және Электрондық файл). Төлем тапсырмасы және Тізім Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделеді, Клиенттің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбалары қойылады және қолтаңбалардың үлгілері бар құжатына сәйкес мөр қойылып куәландырылады (олар бар болған жағдайда). Осымен бірге, Тізімнің әрбір парағы Клиенттің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбасы қойылып куәландырылады, тізімнің соңғы бетіндегі уәкілетті тұлғаларының қолтаңбалары қолтаңбалардың үлгілері бар құжатына сәйкес Клиенттің мөрі қойылып куәландырылады (олар бар болған жағдайда). Клиенттен Банкке келіп түскен төлем құжаты Клиенттің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбасы қойылған болып есептеледі, ал оны орындау бойынша Банктің әрекеттері құқықты болып есептеледі, егер төлем құжатындағы және Тізімдегі тұлғаларының қолтаңбаларын және мөрдің мөртабанының визуалды салыстыруы (бар болу жағдайда) Банкке ұсынылған үлгілер бар құжатындағы Клиенттің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбаларымен және мөрдің мөртабанымен сыртқы сипаттары бойынша олардың ұқсастығын анықтауға жағдай жасайтын болса.

Электрондық файл және Тізімі арасында деректердің сәйкессіздігі жағдайда, ақша Электрондық файлдің реквизиттеріне сәйкес есептеледі.

Клиент Электрондық файлдің нысанынан сақтамаған жағдайда және/немесе Тізімді (Электрондық файлда) Карта иеленушілерінің дұрыс емес реквизиттерін көрсеткен жағдайда және/немесе Тізімдегі және Электрондық файлдегі мәліметтер арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда, Банк Шоттарға ақшаны есептеу турады Клиенттің төлем міндеттемесінен бас тартуға құқылы. Осымен бірге, Банк Клиенттің нұсқауын орындаудан бас тартқаны үшін және Шоттарға ақшаны есептемегені үшін жауап бермейді.

Клиент жүгіну сәтінде Банкпен Тізімді және Электрондық файлді өңдеу бойынша жұмыстар басталмаған шартында Тізімге және/немесе Электрондық файлге түзетулерді енгізу қажеттілігі жағдайда Тізімді және Электрондық файлді өңдеу бойынша жұмыстарды тоқтату туралы сауалды Банкке жолдауға құқылы.

Егер Тізімді және Электрондық файлді өңдеу бойынша жұмыстарды тоқтауға мүмкіндік бар болса, Клиент Банкке түзетілген Тізімді және Электрондық файлді ұсынады. Осымен бірге Шотқа ақша Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мерзімдері ішінде енгізілген түзетулер бар Тізімін және Электрондық файлді Клиенттен қабылдаудан кейін есептеледі.

Банк Тізімді және Электрондық файлді өңдеу бойынша жұмыстарды тоқтауға сауалынан басын тартуға құқылы, егер Клиенттің сауалын орындау бойынша барлық шаралары алдын ала қабылданп, ақша ұсынылған Тізімге және Электрондық файлге сәйкес есептелген болса. Осымен бірге Банк ұсынылған Тізімге және Электрондық файлге сәйкес Шоттарға ақшаны есептеу үшін жауап бермейді;

5.1.2. электрондық түріндегі жиынтық төлем тапсырмасы және Карта иеленушілерінің тізімі негізінде. Клиентпен Банкке электрондық түріндегі төлем тапсырмасын табыстауы электрондық нысанында жүзеге асырылады.

Егер ұсынылған Карта иеленушілерінің тізімінде Банк бөлек Карта иеленушілерінің қате көрсетілген реквизиттерін анықтайтын жағдайда, Банк Карта иеленушілерінің Шоттарына есептейді және олардың ЖСН және Шоттың нөмірі дұрыс көрселуі қажет және Банк қате көрсетілген реквизиттер бар Карта иеленушілерінің ақшасын қайтарады. Қате нұсқау бойынша ақша қайтарылуы қайтару есебін көрсетумен жүзеге асырылады, бірақ оны қабылдау күнінен кейінгі операциялық күнінен кеш емес мерзімінде қайтарылады.

5.2. Төлем тапсырмасының нысаны жәе табыстау тәртібі Тараптармен қосымша келісіледі.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Банк келесі үшін жауап бермейді:

6.1.1. Шоттарға ақшаны Клиентпен ұсынылған төлем міндеттемесіне және тізімге сәйкес есептеу үшін, егер Клиент осындай құжаттарды әзірлеу кезінде қате жіберген болса, сонымен қатар егер Шарт қатысты көрсетілген құжаттарға және ақпаратқа Клиентпен жіберілген рұқсат етілмеген қол жету мүмкіндігі қорытындысында оларды қолдан жасау жағдайда;

6.1.2. Клиенттің кінәсінен Шотқа ақшаны есептеу кезіндегі іркіліс үшін;

6.1.3. Клиент және карта иеленушілер арасындағы өзара қатынастар үшін, соның ішінде дауларға қатыспайды, сонымен қатар келесі қоса алғанда, бірақ шектелмей: Клиент Карта иеленушілеріне Банктің тарифтері туралы ақпаратты хабарламаған жағдайда, Клиентпен Банктің комиссиялық сыйақысын төлемген/уақытында төлемеген жағдайда (егер Банктің комиссиялық сыйақысы Клиентпен төленетін болса), Шарттың 3.2.3-тармағының талаптарына сәйкес жеке тұлғалар үшін төлем карталары бойынша Банктің тарифтеріне сәйкес қызмет көрсетуге Төлем картасын аудару жағдайда және т.б.

6.2 Клиент келесі үшін жауап береді:

6.2.1. Карта иеленушілерінің тізіміндегі деректерінің сәйкестішігі үшін (төлем тапсырмасының форматына қарамастан);

6.2.2. Шарттың талаптарын орындамағаны және тиісті емес орындағаны үшін Банкке/Клиентке келтірілген залалдар үшін толық көлемінде;

6.2.3. Клиентпен жоғалған Төлем картасын бұғаттау қажеттілігі туралы Банкке уақытында хабарламағаны үшін, - Банкке келтірілген залалдар үшін толық көлемінде;

6.2.4. Банктің комиссиялық сыйақысын төлемегені/уақытында төлемені үшін (егер Банктің комиссиялық сыйақысы Клиентпен төленетін болса), - әрбір мерзімін өткізіп алудың күні үшін уақытында төлемеген сомасының 0,1 % мөлшерлемесінде.

6.3. Клиентпен Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағанына/тиісті емес орындағанына байланысты Шартпен қарастырылған жағдайларында өсімақы/айыппұл сомаларын төлеуі, Банкке залалдар/шығындар өтеуі Шарттың 3.2-тармағымен қарастырылған тәртібінде осындай сомаларды Банкпен шығарып тастау жолымен Клиентпен жүзеге асырылады.

7. Басқа талаптар

7.1. Талаптарға өзгерістер Шартпен бекітілген тәртібінде Банкпен енгізіледі.

7.2. Осы Талаптар бөлігіндегі Шарт кез келген Тараптың бастамасы бойынша тоқтатылу мүмкін және Талаптар толық есеп айырысуларды жүзеге асырудан кейін тоқтатылған деп есептелу мүмкін.

7.3. Клиент кез келген уақытта Шартпен бекітілген тәртібінде жазбаша өтініші негізінде осы Талаптар бөлігіндегі Шарт орындаудан бас тартуға құқылы.

7.4. Банктің бастамасы бойынша осы Талаптардың әрекеті Шартпен бекітілген тәртібінде Шартпен және ҚР заңнамасымен қарастырылған жағдайларында тоқтатылу мүмкін.

7.5. Осы Талаптар бөлігіндегі Шартты тоқтату жағдайда, Банк онымен және Карта иеленушілері арасындағы шарттық қатынастарына сәйкес және жеке тұлғалар үшін төлем карталары бойынша Банктің тарифтеріне сәйкес Төлем карталарына қызмет көрсету бойынша қызметтерді Карта иеленушілеріне көрсетуді жағлғастырады (Тарфитер www.alfabank.kz Банктің сайтында көрсетіледі).

7.6. Осы Талаптар бөлігіндегі Шартты тоқтату жағдайда Клиентпен Талаптарға сәйкес төленген Банктің комиссиялық сыйақысы Банкпен қайтарылмайды.